

ден қояды, сауатты жазып үйренеді, сабаққа деген ынта-ықыласы артады.

Мәтінге байланысты тест тапсырмаларының мақсаты: көркем мәтін оқуға деген қызығушылықтарын артыру, мазмұнын түсініп тырысу, грамматикалық білімдерінің дұрыс меңгерулер, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

«Важность тестого контроля понимания содержания иноязычного художественного текста состоит на наш взгляд в следующем: тестовые задания представляют собой своего рода проблемные, мыслительные, познавательные, рече-продуктивные задачи, что активизирует мыслительную деятельность студента; тесты стимулируют интерес к процессу чтения на иностранном языке ..; тесты способствуют выработке необходимого стереотипа структуры текста и алгоритма чтения;...»,- деп атап көрсетеді Р.В.Миков, В.В.Швайгерт. [7].

Қорыта айтқанда, мамандандырылған жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту қазіргі уақыт талаптарына сай жаңа технология-

лық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, кәсіби лексиканы меңгертетін мәтіндерді дұрыс таңдап, олармен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы студенттердің өз бетінше тілдік дағдыларын дамыту – мемлекеттік тілді саналы да сапалы түрде меңгеріп шыққан мамандар даярлауда өзінің оң нәтижесін беретіні сөзсіз.

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. - Алматы, 2000.

2. Құсайынова Д.Ж. Заңгерлердің сөздік қорын мамандыққа қатысты дамыту әдістемесі. Астана,- 2007.

3. Мухамадиева Н.Қ. Кәсіби қазақ тілі. Алматы, 2006.

4. Әкім Тарази. Бұлтқа салған ұясын. Алматы, 1998.

5. Б.Қанарбаева. Мағжан символист. Алматы, -2007.

6. Ерназарова З.Ш. Жаңа сөздерді игеруге арналған сөздік карталар мен жаттығу жұмыстары. «Қазақ тілі: әдістеме», №11-2009.

7. Р.В.Миков, В.В.Швайгерт. Типология видов тестовых заданий для контроля понимания содержания иноязычного художественного текста. Москва, -2005.

8. Е.И.Пассов. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. Москва, 1985.

9. Оралбаева Н., Жаксылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1996.

**Сансызбаева Д.Б., Шайкенова А.Ж.**

**Виды текстов для обучения профессиональному казахскому языку**

В статье представлен краткий обзор различных видов текстов и эффективных методов обучения профессиональному казахскому языку

**Sansyzbaeva D.B., Shaikenova A.J.**

**Types texts for professional training Kazakh language**

The article presents a short issue of different types of texts and effective methods of teaching professional Kazakh language.

**А. А. Сарсекеева,**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
жалпы тіл білімі және аударма кафедрасының магистранты*

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІҢ ЛИНГВОКОГНИТИВІК АСПЕКТІЛЕРІ**

Дүниедегі барлық нәрселердің аты және соған сай заты болады. Адамды қоршаған әлемдегі нәрселердің аттары, тіпті адамның өзінің аты оның ойын, ішкі жан дүниесін, құндылықтарын, ділін, кейде тіпті дінін ашып көрсете алады. Жалқы есімдердің тілдегі ерекше орны мен маңыздылығы ықылым заманнан бері елдің назарын аудартып, зерттеу мен зерделеу нысаны болып отыр. Көне дәуір ойшылдары жалпы есімдер мен жалқы есімдерді бөліп қарастырған, атаулардың ақиқат-

тығы мен қажеттігі, зат пен атаудың тығыз байланысы, атаулардың мағынасы, атаулардың жекелік тұлғалылығы т.б. жөнінде ережелер жасалды.

Сөздер мен фразеологиялық тіркестер жалпы түрде лексикалық бірліктер немесе тілдік таңбалар деп аталады. Адам тілдік таңбалар көмегімен өзінің ақиқат шындықты түйсінуі мен ой-өрісінің жұмысын білдіреді. Тілдік таңбалар адамның қуат сақтау, ыңғайлы қарым-қатынасқа жетудегі еңбегінің

жемісі: басқа адамның назарын қандай да бір затқа аудару үшін қайта-қайта ол адамды сол заттың қасына алып келу міндетті емес. Мұндай әрекетті сөзбен (я бірнеше сөзбен) алмастыруға болады. Сондықтан, тілдік таңбалардың формасы мен мазмұны болады. Тілдік таңбаның формасы мен мазмұнының ара-қатынасы лингвистикада *номинация* терминімен белгіленген. Номинацияның жеке қасиеттеріне байланысты заттардың атаулары екі түрлі топқа бөлінген: жалпы есімдер және жалқы есімдер.

Жалқы есім мағынасының кем дегенде төрт компонентін атауға болады:

а) интродуктивті – мағынаның мұндай компоненті «Осындай зат бар» деп тұрғандай көрінеді. Бұл компонент барлық зат атаулы тілдік таңбаларға –жалпыға да жалқыға да тиесілі.

ә) классификациялаушы – заттың белгілі бір классқа тиістілігі. Ал аталмыш класс зат есімінің денотаты болып табылады. Мәселен, антропонимдердің денотаттары деп адамдарды, зоонимдердің денотаттары – аңдар, топонимдердікі – континенттер, мұхиттер мен теңіздер, елдер, өзендер, аралдар, көшелерді т.б. анықтайды. Бұл мағыналық компонент, өз кезегінде зат туралы келесідей мәлімет береді: «Бұл зат – адам (өзен, құрылыс нысаны т.б.)».

б) индивидуалдаушы – атаудың берілген денотаттың ішінен бір ғана затқа тиесілі болуы. Аталмыш зат, өз кезегінде есімнің референті болады. (а), (ә) және (б) компоненттері бірігіп, зат туралы келесідей мәлімет береді: «Аты Джон болатын адам бар», «Біз айтып өткен өзеннің аты - Ниагара» және т.б.

в) сипаттаушы - әңгімелесушілердің сөздің мәні кімде немесе неде екенін түсінулерін қамтамасыз ететін референт қасиеттерінің жиынтығы. Мұндай мағыналық компонент, мәселен Ниагара жалқы есімі келесідей мәлімет береді: «бұл өзен Солтүстік Америкада ағады және әлемдегі ең үлкен водопад болып табылады». [1, 12]

Ономастика саласы қалыптасқаннан бері ғалымдар көбірек көңіл бөліп, жалқы есімдердің түрлерін анықтаған. Соның негізінде “ономастикалық кеңістік” термині қалыптасқан, яғни онимдердің разряд түріне қарай ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайтын онимдер (антропоним, топоним, космоним, зооним) және өзектен тыс шектік онимдер (эргоним,

идеоним, библионим т.б.) деп ажыратылған. [2, 77]

Тіл ғылымы динамикалық түрде дамып отыратын аса маңызды ғылым салаларының бірі болғандықтан, оның құрылымдық бірліктері, мағыналық бөлшектері және қатысымдық тұлғалары адам болмысымен тығыз байланыста талданып, жаңа тұжырымдамалармен толығырақ түсуде. Тілді барша тыныс-тіршіліктің көзі деп қарастырған ғалымдар тілдік фактілерді пәнаралық байланыс негізінде зерттеген орынды деп есептеген. Осыған орай, лингвистиканың да аясы кеңейіп, тың бағыттар жүйеленіп, ғылымдар сабақтастығынан туындаған өзекті салалар дүниеге келді. Қазіргі тіл білімінің маңызды мәселелері қатарында тілдің танымдық қызметін айқындайтын когнитивті лингвистиканың қалыптасып дамуын айтуға болады. Тіл ғылымының бұл саласы адамның ойлау жүйесінің табиғатын, ішкі заңдылықтарын қарастырудың жаңа үлгісін құрайды. Психолингвистикамен тығыз байланыста сұрыптала отырып, когнитивті лингвистика сана, қабылдау, сыртқы ортамен үздіксіз қатынаста болу, тану, бақылау, пайымдау сияқты проблемаларды ұғым, семантика тұрғысынан талдап көрсетуге бағытталған, сондықтан оның өзге аспектілермен бірге кең көлемде дамып келе жатқан екі түрлі бағытын атаған орынды: 1) когнитивті грамматика, когнитивті психология және т.б. 2) концептуалды семантика, фреймдік семантика және т.б. Концептуалды семантика танымдық процесті ұғымдардың пайда болуы, трансформациялануы (бір күйден екінші күйге ауысуы) тұрғысынан түсіндіреді, нәтижесінде адамның концептуалды жүйесі үнемі толығырақ үстінде болатын процесс деген қорытынды жасалынады. Когнитивті терминдер сөздігінде оған төмендегідей анықтама беріледі: “Когнитивная лингвистика – лингвистическое направление, в центре которого находится язык как общий когнитивный механизм, как когнитивный инструмент – система знаков, играющих роль в репрезентации и в трансформации информации”.

Тіл білімінде танымдық бағыттың негізін Н. Хомскийдің, Дж. Миллердің, Ф.Джонсон-Лэрдтің, Дж. Лакофтың, М. Джонсонның зерттеулері қалаған. Кейін аталмыш саласы Н.Д.Арутюнова, Е.Г.Беляевская, Т.Аван Дейк, Е.С.Кубрякова, В.З.Демьянков және өзге де ғалымдардың еңбектерінің зерттеу нысанына

айналған. Қазақстанда когнитивті лингвистиканың маңызды мәселелері төңірегінде тың ізденістер жүргізіп жүрген тілшілер қатарына Э.Д.Сүлейменова (“Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики”, Алма-Ата, 1989), Г.Гиздатов (“Когнитивные модели в речевой деятельности”, Алматы, 1997) сияқты ғалымдарды атауға тура келеді.

С.Аманжолов: “... жаңа заттың аты семантиканың үш заңы бойынша аталады: функциясына қарай, ұқсастығына қарай, бүтіннің бөлшегі есебінде”, - деген тұжырымнан кейін “Семасиологияның мәселелерін” сана арқылы қабылдау, ойлау жүйесі негізінде тану нәтижесінде алуан түрлі ассоциативті белгілерге сүйене қалыптасқан принциптер бойынша талдап көрсетуге тырысқан. Айталық, қабылдау – бұл философияда да, физиологияда да әрі нейроғылымдарда да кеңінен қарастырылатын, психология мен когнитивті ғылымның басты ұғымдарын құрайтын, барша информацияларды (хабарларды), әртүрлі объектілерді, процестерді адамдардың сезім мүшелеріне өткізетін не шынайы белгілерін, сапаларын айқындайтын мүмкіндіктері, ал ассоциация дегеніміз – екі түрлі ұғымдарды немесе құбылыстарды бір-бірімен байланыстырудың көрсеткіші. Жалқы есімдердің жасалу үлгілері мен заңдылықтары сол когнитивті модельдердің, концептуалды жүйелердің принциптеріне негізделген және аламның қабылдау ерекшелігінен және ұлттық-мәдени, физио-элеуметтік тәжірибесінен бастау алады. Осыған орай, адамда туындайтын әр ой қалыпты жағдайдан асып, образды пайымдауға сүйене дамиды: “Жоғарыда келтірілген жер мен су аттарын алсақ та, кісі аттарын алсақ та олардың жасалуында белгілі заңдылық барын байқаймыз. Мұндағы кісі атының өзі тоғыз жол яки тоғыз мақсатқа тірелетін көрінеді. Тоғыз жол дегеніміздің бірі – адамзаттың жақсы өмір сүргісі келуіне байланысты. Бұл мақсатқа жету үшін ата-ана өз баласына ең жақсы, ең белгілі, атақты адамның атын қояды. Солай етсе оның баласы да атақты болатындай көрінеді. Мысалы, ислам дінін қабылдаған жұрт үшін қадірлі, атақты адам сол діннің бастықтары, я сол дін үшін күрескендер болып көрінеді. Сондықтан мұсылман діндегілердің аты бірде таза Мұхаммед, Ғали, Омар, Оспан, Ахмет, Садық... болып келеді, бірде солардың басқа сөзбен қосындысы болып келеді (Мұхаммедсадық, Сапарғали, Қо-

жахмет, т.б)...”. Халықтық танымның ең үздік көрсеткішін, шын мәнінде, адамдардың есімдері, олардың қойылу тарихы құрайды. Сәбиге атты сол әулеттегі үлкен не болмаса аса беделді адамдарға қойдырудың себебі де этникалық салт-дәстүрдің, әдет ғұрыптың айғағы екенін дәл байқаған ғалым қазақ есімдерінің түптөркінін уәжділігін жан-жақты зерттеп, семалық талдауларына арқау етеді. “Тоғыз жолдың үшіншісі – баланың мінез-құлқы жақсы болуын тілеуден туатын аттар. Мысалы, жібектей болсын десе, қыздың атын Жібек қояды. Жомарт болсын десе, баласына “Жомарт” я “Мырза” деген ат қояды...” деп келген ономастикалық бірліктерді С. Аманжолов әрі танымның, әрі психологиялық қабылдаудың нысаны деп қарастырады. “Тоғыз жолдың төртіншісі – бала бай болсын деген үмітпен қойылады. Сондықтан кісі атының соңынан Омархан, Сейілхан, Жұмахан дегенде “хан” қосымшасы айтылса, Омарбай, Сейілбай, Жұмабай... дегенде “бай” қосымшасы айтылады. Батыр болсын дегендері белгілі бір батырдың атын қоя салады...” деген пікірдің түйінін “үміт” сөзі білдіріп тұр. Абстракциялы, дерексіз ұғым адамның ішкі әлеміне үңілуге, оның жан түкпірінде сақтаған “мен” деген ойын аңғаруға көмектесері хақ. Сондықтан осындай жеке коннотативті қабылдаудың үлгісі ретінде С. Аманжолов “тоғыз жолдың сегізіншісін” талдап көрсетеді “... әрбір ата-ананың сүйген, қалаған жер-суының, тау-тасының аты болып кездеседі. Мысалы: Алтай, Орал, Жамбыл, Қазыбек, Есіл, Жайық, т.б.”. [3, 149-150]

Қазіргі таңғы ағылшын тілінің жалқы есімдерінің номенклатурасы ежелгі және жаңа есімдерден, төлі ағылшын және кірме есімдер, дәстүрлі және ойдан алынған, бір бірінен семантикалық және құрылымдық сипаты бойынша ажыратылатын есімдерден, өзіне ғана тән қасиетке ие мозаиканы елестетеді. Мәселен, Abraham ер есіміне шамамен 4000 жыл, бұл есім ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде бірнеше ғасыр қатарынан қолданыстан шықпай жүр (соңғы уақытта әсіресе АҚШ-да кең қолданысқа енген), ал орыс тілінен енген әйел есімі Sonia XX ғасырдың 20 жылдарында ғана қолданыла бастады. [4, 156-249]

Ағылшын тілінің жалқы есімдер санын арттырудың негізгі қайнар көзі болып латын, ежелгі еврей, ежелгі грек тілдері саналады.

Сонымен қатар, әдеби шығармалар мен Библияның да ағылшын жалқы есімдерінің дамуы мен ұлғаюына қомақты үлес қосты.

Ағылшын жалқы есімдері тарихи дамудың ұзақ жолын кешті, және бұл жол ағылшын халқы мен тілінің тарихымен тығыз байланыста өтілді. Англосакстар, өзге де ежелгі герман тайпалары сияқты, құрылымы бойынша жай (Froda – данышпан, карт; Hwita – ақ, жарық, жылтыр және т.б.) және күрделі (Aethelbeald – мәртебелі, озат, бөлекше + батыл, қайсар, ержүрек; Eadgar – меншік, мүлік, бақыт; бай + найза және т.б.) бір ғана есімді қолданатын.

Біртіндеп, жай есімдердің орны күрделі, екі компонентті есімдермен ауысты; XIII ғасырдан кейін олар ағылшын жалқы есім номенклатурасында кездеспейді. Күрделі есімдердің компоненттері ежелгі ағылшын тілінің есім сөздерінің жеке қорынан құрылған болатын. Англосакстар «ізгі» есім сөздердің дуалы қасиеттеріне сеніп, аталмыш есімдер адамға қорғау, қамқор, байлық, денсаулық, амандық, батылдық, даңқ, сый-құрмет т.б. алып келетініне күмәнданбаған. Төмендегідей ежелгі ағылшын есімдері осыған дәлел: aelf — эльф; beorht — жарық, жылтыр, жарқын; beorn — адам, жауынгер, батыр; eald — ескі, көне, байырғы; gar — найза; gifu, gyfu — сый, сыйлық, мархабат, мейір; god — жақсы; рақымды; ұнамды; пайдалы, оңтайлы; шебер; жақсылық, сый; мүлік; gold — алтын; maere — әйгілі, атақты, тамаша; gaed — кенес; шешім; ақыл, даналық; gise — күдіретті; жоғары шенді; бай; билік; sae — теңіз; көл; sige — жеңіс; табыс; stan — тас; sunu — ұл; ұрпақ; weard — күзетші, сақтаушы; қорғаныс; қамқорлық; ие; лорд; wig — айқас; пікірталас, дау; соғыс; шайқас; қайрат; әскери күш; wine — дос; қорғаныс; wulf — қасқыр және т.б. [5]

Ағылшын халқы мен ағылшын тілінің дамуына үлкен саяси оқиға - Солтүстік Франция тұрғындарының (Нормандия) – нормандықтардың 1066 жылы Англияны жаулап алуы. Жаулап алушылар өздерімен бірге антропонимдерін де (осы күнге дейін сақталған Hugo, Ralph, Richard, Robert, Roger, William және т.б.) енгізген болатын, көп ұзамай бұл есімдер англосаксон есімдерінің орнын басты. Жаңа есімдер әсіресе билік басындағы қауымның кең қолданысына енді. Тек Alfred, Edgar, Edmund, Edward, Ethelbert, Hilda, Mil-

dred және т.б. санаулы ғана англосаксон есімдерінің қолданысы сақталып қалды.

Англосаксон есімдерінің қолданыстан шыға бастауына VII ғасырда Англияның христиан дініне ауысуы да айтарлықтай үлес қосқан. 1382-1384 ж. Джон Виклиф жасаған орта ғасырлық ағылшын тіліндегі Библияның аудармасы жарық көрді, ал 1538 жылы аты мен тегі шоқындыру кезінде қойылған нәрестелерді тіркеу міндеті енгізілді. Осы уақыттан бастап шіркеу каноникалық христиандық аттардың кең таралуын қамтамасыз еткені әбден ықтимал. XVI – XVIII ғасырларда кең таралған ер есімдері нормандық William мен библиялық John және Thomas болса, аса танымал әйел есімдеріне

Elizabeth, Mary және Anne – ді жатқызуға болады. [1]

Ағылшын жалқы есімдерінің ішінде әлі күнге дейін елдің аузынан түспей жүрген есімдерге төмендегідей ойдан шығарылған есімдер жатады: Сиднейдің «Аркадия» романының кейіпкері (1590) — Pamela; Сиднейдің «Астрофель мен Стелла» сонеттер циклінің бас кейіпкері (1591) — Stella, Спенсердің «Перизаттар ханымы» (Королева фей) поэмасының кейіпкері (1590—96) — Claribel; Свифтің «Каденус және Ванесса» поэмасының басты кейіпкерінің есімі (1726) — Vanessa және т.б. [6]

Аса танымал әйел есімдерінің қатарынан салыстырмалы түрде жаңа деп атауға болатын антропонимдерді гүлдер, өсімдіктермен және асыл тастармен байланысты екі үлкен топқа бөліп қарастыруға болады. Мысалы: Blossom — рең, гүлдену; Buttercup — сарғалдақ; Clover — беде; Daffodil — нәркес; Flower — гүл, гүлдеу; Ivy — шырмауық; Lilac — жұпаргүл және т.б.

Amber — кәріптас; Beryll — сутас; Coral — маржан; Pearl — інжу; Ruby — лағыл және т.б.

Ал ер есімдері қатарынан этимологиялық тұрғыдан әр түрлі лауазыммен байланысты «бекзат» есімдер тобы ерекшелене түседі: Baron — барон; Count — граф; Duke — герцог; Earl — граф; King — патша; Marquis — маркиз және т.б. [7]

Тілдік қатынастағы ішкі ассоциациялар мен интерпритациялар турасындағы Э.Е.Каменская пікіріне де назар аударсақ: “... акт идентификации слова как такового в ассо-

циативно-вербальной сети носителей языка представляет собой специфическую контекстуализацию в рамках поверхностного или глубинного яруса внутреннего лексикона человека, субъективное переживание индивидуумом готовности оперировать определенным фрагментом индивидуального и социального опыта, увязываемого с этим словом в единой информационной базе, учитываемого на разных уровнях осознаваемости и оцениваемого через призму эмоционально-оценочных установок личности, сложившихся в соответствующей культуре под воздействием микросоциума”, демек адамның ішкі әлемі, анығырақ айтқанда ойлау, сезіну, бақылау, қабылдау, тану және т.б өзгешеліктері дуалистік дамудың көрсеткішін құрайды: бір жағынан, олар жеке субъективті психологиялық, антро-поцентристік ерекшеліктер тізбегінен тұрса, екінші жағынан, әлеуметтік-қоғамдық факторлардың сабақтасқан бірлігімен түсіндірілетін белгілер жиынтығынан сусындайды. [3, 150-153]

Жалқы есім мәселесінің маңыздылығы теориялық деңгеймен ғана шектелмейді. Бұл мәселенің мәдениетаралық және тіларалық байланыста өзектілігі жоқ емес. Жалқы есімдердің «ана» тілден тыс қолданылған жағдайда да қалпын сақтап қалуына қарамастан, кейде мағынасы жеткізілмейтіндіктен тіларалық барьер дайым оңай алынбайды. Ал мағынасын сақталмаған жағдайда жалқы есім өзге тілдік ортада дұрыс қызмет атқара алмайды. Осы себептен, құрамында есімдер бар мәтіндерді дұрыс түсінбеу я дұрыс қабылдамау проблемасы туындауы мүмкін. Бұл аудармашылар мен шет тілі мен ана тілін салыстырып отырып оқитындар және оқытатындар үшін таптырмаған білім қазынасы.

Түйіндеп айтқанда, тіл ойлаумен тікелей байланысты, және ой – тіл арқылы көрініс табады. Жоғарыда көрсетілген мысалдар ағылшын мен қазақ халқының есім беруге байыпты көз салатындығына, есімнің мағынасына байланысты адам өміріне де әсер ететініне сенуіне, қарапайым адам есімінің халықты, мәдениетті тануда үлесі зор екендігіне дәлел. Сонымен қатар, тіл-тілде қыз бала мен ұл балаға арналған есім топтарында да ұқсастық жоқ емес. Қазақ халқы да дайым қыздарды гүлдерге, асыл тастарға теңеген, ал ұлдарға «лауазымды» есімдерді, жақсы қасиеттерді сипаттайтын есімдер берген. Екі тілде де діни есімдердің рөлі аса маңызды. Бұл екі халықтың да дүниетанымының қандай да бір деңгейде түйсетінін көрсетеді.

1. Ермолович Д.И. Имена собственные на стыке языков и культур: заимствование и передача имён собственных с точки зрения лингвистики и теории перевода. М.:Р.Валент, 2001

2. Иманбердиева С. Хорезмидің “Мұхаббат-Наме” шығар-масындағы ономастикалық кеңістік, “Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері” атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, Астана 2004, 776.

3. Оразалиева Э. С. Аманжоловтың антропонимдердің танымдық сипаты туралы ой-пікірлері, “Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері” атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, Астана 2004, 149-153

4. Арутюнова Н.Д. К проблеме функциональных типов лексического значения // Аспекты семантических исследований. – М.,1980. с 156-249.

5. Блох М.Я., Семёнова Т.Н. Имена личные в парадигматике, синтагматике и прагматике. М., 2001

6. Ермолович Д.И. Функционально-семантические особенности индивидуализирующих знаков: Автореф. дис. ...канд. фил наук. – М.,1981

7. Марьянова Н.В. Символика личных имён в языке и переводе // Межкультурная коммуникация и перевод: Материалы межвузовской конференции – М., 2002

**А. А. Сарсекеева**

#### **Лингвокогнитивные аспекты собственных имен казахского и английского языка**

Данная статья посвящена изучению особенностей имени собственного в обоих языках: казахском и английском, с точки зрения когнитивной лингвистики. В статье анализируются и сравниваются семантические, этимологические и исторические аспекты имени собственного в казахском и английском языках. Автор подчеркивает некоторые сходства в познании окружающей действительности у обоих народов, основанном на схожем выборе семантического контента при создании имен собственных. Изложенный теоретический материал закреплен практическими примерами

**A. A. Sarsekeeva**

#### **Cognitive aspects of proper names in Kazakh and English**

This article focuses on studying the peculiarities of proper name in both languages, Kazakh and English, from the perspective of cognitive linguistics. The paper analyzes and compares the semantic, etymological and historical aspects of the proper name in Kazakh and English. The author emphasizes some similarities in the studying reality for both english and kazakh people based on a similar choice when creating the semantic content of proper names. The theoretical material above is attached with practical examples.